

## Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы N 80 Заңы

2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мынадай мазмұндағы 161-1-баппен толықтырылсын:

"161-1-бап. Төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдаудан бас тарту

Төлем карточкаларын пайдалана отырып, сауда операцияларын жүзеге асыру (қызметтер көрсету) кезінде оларды қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының төлемдерді қабылдаудан бас тартуы, -

жеке кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде және заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

Ескерту. Осы бапта аталған сауда (қызмет көрсету) ұйымдарына санатын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жатады.";

2) мынадай мазмұндағы 354-2-баппен толықтырылсын:

"354-2-бап. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау тәртібін бұзу

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау тәртібін бұзу -

өнім таралымы тәркілене отырып не онсыз жеке кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде және заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 416-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 539-баптың төртінші бөлігі алып тасталсын;

5) 568-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"568-бап. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары

1. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары осы Кодекстің 130, 139 (бірінші бөлігінде), 230, 231 (бірінші бөлігінде), 234, 235 (бірінші бөлігінде), 236, 238, 239, 278 (екінші бөлігінде), 291, 387, 499-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының басшылары және олардың орынбасарлары құқылы.";

6) 570-1-баптың бірінші бөлігінде:

"161 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 161-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

"166" деген цифрлардан кейін ", 169-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

7) 571-баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасы "Қаржылық бақылау" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік сатып алу" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 571-1-баптың екінші бөлігі "орынбасарлары" деген сөзден кейін ", аумақтық бөлімшелердің басшылары" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 630-баптың бірінші бөлігіндегі "467-471" деген цифрлар "467-469, 470 (бірінші және екінші бөліктерінде), 471" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

он үшінші абзацындағы "139 (екінші бөлігі)," деген сөздер алып тасталсын;

он бесінші абзацтағы "мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдарының" деген сөздер "мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма алтыншы абзац "154-157" деген цифрлардан кейін ", 168-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

жиырма сегізінші абзац "354" деген цифрлардан кейін ", 354-2" деген цифрлармен толықтырылсын;

отыз алтыншы абзацтағы "139," деген цифрлар алып тасталсын;

қырық бірінші абзац алып тасталсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*